

Лицензиялау жөніндегі өкілеттік беру туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімінің шешімі 2000 жылғы 24 мамыр N 496 Ақмола облысының әділет басқармасында 2001 жылғы 6 ақпанда N 451 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімінің 2006 жылғы 28 ақпандағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімінің 28.02.2006 № 1 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) шешімімен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29 желтоқсан 1995 ж. N 1894 P951894_ "Қазақстан Республикасы Президентінің 17.04.1995 ж. Қаулысын жүзеге асыру туралы" және 10 желтоқсан 1999 ж. N 1895 P991895_ "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29.12.1995 ж. N 1894 Қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қаулыларына сәйкес, "Жылу энергиясын өндіру, беру және бөлу" жұмыстарын лицензиялау үдерісін тиімділендіру мақсатында, Қазақстан Республикасының 17.03.1995 ж. N 2200 Z952200_ "Лицензия беру туралы" Заңының 5-бабы 3-тармағын, 1999 жылғы 8 қазандағы өзгертулермен бірге басшылыққа ала отырып :

1. Қалалар мен аудандардың әкімдеріне "Жылу энергиясының қосынды қуаты 100 Гкал/сағ. дейінгі жылу көздерінен жылу энергиясын өндіру, беру және бөлу" жұмыстарын лицензиялау өкілеттігі берілсін.

2. Қалалар мен аудандардың әкімдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29.12.1995 ж. N 1894 P951894_ және 10.05.1999 ж. N 556 P990556_ Қаулыларымен белгіленген және бекітілген талаптарға сәйкес, жылыту кезеңі басталғанға дейін жылу көздерінің иелеріне немесе жалға алушыларға лицензиялар берілуін қамтамасыз етсін.

О б л ы с ә к і м і